ҚОҒАМ



СУ САЛАСЫ БОЙЫНША БАСЫМДЫҚТАРДЫ АЙҚЫНДАДЫ

2-бетте

АЙМАҚ



ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР ЗАУЫТ

3-бетте

АҚПАРАТ



ИМАНДЫЛЫҚ ӘРКІМНІҢ ЖҮРЕГІНДЕ

4-бетте



# SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | saltar61@mail.ru | №4 (2016) 15 қаңтар 2026 жыл


**ПРЕЗИДЕНТ**



## ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДЕГІ ТӘРТІП ПЕН ДАЙЫНДЫҚ КҮШЕЙТІЛЕДІ

**Мемлекет басшысы Қорғаныс министрі Дәурен Қосановты қабылдады.**

Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қорғаныс ведомствосының 2025 жылы атқарған қызметі туралы есепті тыңдады.

Мемлекет басшысына армияның жауынгерлік әзірлігі және Қарулы күштерді дамытудың басымдықтары жөнінде мәлімет берілді. Дәурен Қосанов цифрлық технологияларды енгізу, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстары, сондай-ақ қорғаныс инфрақұрылымын жетілдіру шаралары туралы баяндады. Сонымен қатар, Президенттің Қарулы күштер сапында тәртіп орнату жөніндегі тапсырмасының орындалу барысы жайында ақпарат ұсынылды.

Кездесу соңында Жоғарғы Бас қолбасшы министрге армияның жауынгерлік әзірлік деңгейін арттыру, әскери және құқықтық тәртіпті күшейту жөнінде нақты міндеттер жүктеді.

***AKORDA.KZ.***

**АҚОРДА**

## КЕЗЕКТІ ҚҰРЫЛТАЙ ОТЫРЫСЫ ӨТЕТІН КҮН БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтай отырысы өтетін датаны белгіледі. Бұл туралы Президент 2026 жылы 12 қаңтарда Парламенттік реформа бойынша өткен кезекті жұмыс кеңесінде айтты.**

Ақорда баспасөз қызметінің хабарлауынша, президенттің Ерлан Қаринмен және Ержан Жиенбаевпен өткізген Парламенттік реформа бойынша кезекті жұмыс кеңесінде Ұлттық құрылтайдың Қызылорда қаласында өтетін бесінші отырысына дайындық мәселесі де қаралды.

«Мемлекет басшысы Құрылтай отырысын өткізуді осы жылдың 20 қаңтарына белгілеп, алдағы маңызды іс-шараны ұйымдастыру және оған тыңғылықты әзірлену жөнінде нақты тапсырма берді», делінген Ақорда хабарламасында.

***«ST» АҚПАРАТ.***

**ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫ ОРЫНДАЛУДА**

## ТҮРКІСТАНДА СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ЕКІ ЕСЕ АРТТЫ

**Мемлекет басшысының су ресурстарын тиімді пайдалану және су үнемдеу технологияларын жедел енгізу жөніндегі тапсырмалары Түркістан облысында жүйелі түрде іске асырылып келеді. Суармалы жерлердің өнімділігін арттыру, су шығынын азайту және ауылшаруашылығын тұрақты дамыту бағытында ауқымды әрі нақты нәтижелерге қол жеткізілді.**



Түркістан облысының агроөнеркәсіптік кешені республикада айрықша стратегиялық маңызға ие. Елімізде өндірілетін жалпы ауылшаруашылығы өнімінің 13 пайызы осы өңірге тиесілі, жыл сайын 1 триллион теңгеден астам өнім өндіріледі. Облыс – суармалы егіншілік дамыған негізгі аймақтардың бірі. Қазақстандағы суармалы жерлердің төрттен бір бөлігі (575 мың гектар) Түркістан облысының үлесінде. Сондықтан су ресурстарын тиімді пайдалану – өңір үшін тек салалық мәселе емес, ұлттық маңызы бар стратегиялық міндет.

Президенттің «Ең алдымен, суды үнемдейтін озық технологияны енгізу ісін тездету қажет» деген тапсырмасы өңірлік деңгейде нақты іске айналды. Соның айқын дәлелі – жоспарланған көрсеткіштердің бірнеше есе орындалуы. 2025 жылға су үнемдеу технологияларын 27 мың гектарға енгізу жоспарланған болса, нақтысында 59 мың гектар алқапқа орналастырылды. Оның ішінде 53,7 мың гектарға тамшылатып суару, 6,2 мың гектарға жаңбырлатып суару технологиялары енгізілді. Осылайша, жоспар екі есеге артығымен орындалды.

Бүгінгі таңда облыс көлемінде 114 мың гектар алқапта су үнемдеу технологиялары қолданылып отыр. Нәтижесінде 195 миллион текше метр су үнемделді. Ал, жыл сайын қосымша 50 мың гектарға жаңа технология енгізу арқылы 2030 жылға қарай 364 мың гектар жерден 622,8 миллион текше метр су үнемдеу көзделіп отыр. Бұл – су тапшылығы жағдайында стратегиялық маңызы бар көрсеткіш.

Су үнемдеу технологияларын қолжетімді ету және ішкі өндірісті дамыту мақсатында Түркістан облысында қуаттылығы 163 мың гектарды қамтитын 4 кәсіпорын іске қосылды. Сонымен қатар, биыл 30 мың гектарға арналған тағы 2 кәсіпорын пайдалануға беріледі. Бұл тек облысты ғана емес, көршілес өңірлерді де заманауи технологиямен қамтуға жол ашады.

Ерекше назар аударатын бағыт – ылғал сүйгіш дақылдарды жаңа технологиямен өсіру. 2025 жылы мақта дақылын дәстүрлі әдіспен егу көлемі 92,3 мың гектарға қысқарып, ал жаңа технологиямен егу 52,2 мың гектарға артты. Нәтижесінде гектарынан 60 центнерге дейін өнім алу мүмкіндігі өндірісте дәлелденді, ал су шығыны 89,3 миллион текше метрге қысқарды.

Биыл мақта дақылын жаңа технологиямен 79,6 мың гектарға дейін ұлғайту жоспарлануда. Сонымен қатар, елімізде алғаш рет күріш дақылы тамшылатып суару әдісімен пилоттық негізде егілді. Дәстүрлі тәсілмен гектарына 26 мың текше метр су жұмсалса, жаңа технология арқылы бұл көрсеткіш екі есеге азайып, 15 мың текше метрді құрады.

Трансшекаралық өзендерге тәуелді оңтүстік аймақтар үшін бұл бағыттың маңызы ерекше. Осыған байланысты жыл сайын 50 мың гектарға су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарланып отыр. Бұл бастамалар – тек аграрлық саланың дамуы емес, елдің су қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық қадамдар. Өңірде Мемлекет басшысының тапсырмалары нақты нәтиже беріп, су үнемдеу саясаты жүйелі әрі табысты іске асырылуда.

***ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.***

**ТАҒЗЫМ**

## ДАРА ТҰЛҒАҒА – МӘҢГІЛІК ҚҰРМЕТ

**Биыл көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ халқының біртуар перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 114 жыл толды. Осы айтулы датаға орай Тараз қаласындағы ел мақтанышына айналған тұлғаның еңселі ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, ұлы тұлғаның рухына тағзым жасалды.**

Тағылымды іс-шараға Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеев, облыстық және қалалық мәслихаттардың депутаттары, қоғамдық және ардагерлер кеңестерінің төрағалары, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер мен белсенді жастар қатысты. Жиналған жұртшылық ұлт тарихында өшпес із қалдырған қайраткердің жарқын бейнесін еске алып, елге сіңірген ерен еңбегіне құрмет көрсетті.

Іс-шара барысында белгілі журналист, қоғам қайраткері Жаңабай Миллионов сөз сөйлеп, Дінмұхамед Ахметұлының халқымен біте қайнасқан тағдырына, ел басқарудағы кемеңгерлігі мен адами болмысына кеңінен тоқталды. Ол Қонаевтың ел мүддесін бәрінен биік қойған, қарапайым халықтың мұң-мұқтажын терең түсінген дара басшы болғанын атап өтті.

Жиында ұлы тұлғаның адамгершілік қасиеттері, биік парасаты, принципшілдігі мен қарапайымдылығы ерекше аталды. Айналасындағы адамдарға деген шынайы құрметі мен жауапкершілігі ел жадында мәңгі сақталғаны айтылды.

– Бүгін – қазақ халқы үшін айрықша күн. Ұлт жанашыры, елдің асыл азаматы Дінмұхамед Қонаевтың туған күні. Осындай тағылымды шаралар арқылы біз ұлы тұлғаның рухына тағзым етіп қана қоймай, кейінгі ұрпаққа оның өнегелі өмір жолын үлгі етеміз. Дінмұхамед Ахметұлы – әр қазақтың жүрегінен орын алған, жастарға жол көрсеткен кемеңгер. Оның жасампаз істерін ұмытпау, есімін ұлықтау – бәріміздің ортақ парызымыз, – деді Халықаралық Қонаев қоры облыстық филиалының төрағасы Қибат Асқарбеков.

Сондай-ақ ол қордың өңірде атқарып келе жатқан жұмыстарына тоқталып, Дінмұхамед Қонаевтың есімін ұлықтауға бағытталған спорттық жарыстар, мүшәйралар, «Қонаев оқулары» тұрақты түрде ұйымдастырылып келе жатқанын жеткізді. Бұдан бөлек, Қонаевты көзі көрген, тәлім-тәрбиесін алған тұлғалармен кездесулер өткізу арқылы жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру бағытында нақты жоспарлар бар екенін айтты.

Тағылымды жиын елге адал қызмет етудің, мемлекет пен қоғам алдындағы жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсеткен ұлы тұлғаның рухына деген халықтың шексіз құрметін тағы бір мәрте айқын аңғартты. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмір жолы–әділдік пен парасаттың, елге қалтқысыз қызмет етудің мәңгілік мектебі.

***Н. ҒАЛЫМ.***
***Жамбыл облысы.***

**ИНКЛЮЗИЯ**

## ТЕҢ МҮМКІНДІККЕ БАСТАР ЖОЛ

**Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен инклюзивті білім беру тиімділігін арттыру мәселелері талқыланған жұмыс тобының кезекті отырысы өтті. Жиында саладағы өзекті мәселелер сараланып, алдағы кезеңге арналған нақты ұсыныстар ортаға салынды.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөздерінде әрбір баланың білім алу құқығы тең дәрежеде қамтамасыз етілуі тиіс екенін бірнеше мәрте атап өткен. Президенттің айтуынша, баланың жеке ерекшелігі мен қажеттілігіне қарамастан жан-жақты қолдау көрсету - әділетті әрі орнықты қоғам қалыптастырудың басты алғышарты. Осы ұстаным бүгінде елімізде жүргізіліп жатқан білім беру реформаларының негізіне айналып отыр.

Қабылданып жатқан жүйелі шаралардың нәтижесінде Қазақстанда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдауға арналған инфрақұрылым кезең-кезеңімен кеңейіп келеді. Қазіргі таңда республика бойынша 537 бейінді ұйым жұмыс істейді. Олардың қатарында 48 арнайы балабақша, 99 мектеп, 126 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация, 238 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 12 аутизм орталығы және 14 оңалту орталығы бар. Сонымен бірге, жалпы білім беретін ұйымдар жанынан ашылған қолдау кабинеттерінің саны 1095-ке жетті.



2025 жылдың қорытындысы бойынша еліміздегі мектептердің 95,2 пайызы ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға қажетті жағдай жасаған. Бүгінде инклюзивті ортада 94527 бала білім алуда. Ал, мемлекеттік тапсырыс аясында 7775 мүмкіндігі шектеулі бала психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылып отыр. Бұл көрсеткіштер инклюзивті білім берудің елімізде жүйелі түрде дамып келе жатқанын аңғартады.

Жұмыс тобының отырысында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды кешенді қолдауға бағытталған мүдделі мемлекеттік органдар мен сарапшылардың ұсынымдары таныстырылды. Ұсыныстар білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау жүйелері арасындағы өзара ықпалдастықты күшейтуге бағытталған. Негізгі мақсат - баланың өмірінің барлық кезеңінде қажетті қызметтерге үздіксіз әрі сапалы қолжетімділікті қамтамасыз ету.

Сарапшылардың пікірінше, инклюзивті білім беру тек арнайы инфрақұрылым құрумен шектелмеуі тиіс. Ол педагог кадрлардың кәсіби даярлығын арттыруды, ата-аналармен жұмысты жүйелеуді және қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастыруды талап етеді. Осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Оқу-ағарту министрлігі инклюзивті білім беруді дамыту жөніндегі кешенді саясатты одан әрі жалғастырып, барлық бала үшін сапалы білімге тең қолжетімділік қалыптастыруды көздейді. Бұл - болашақта әлеуметтік әділетті әрі біртұтас қоғам құрудың берік негізі.

***ҚР ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ.***

ҮКІМЕТ

# СУ САЛАСЫ БОЙЫНША БАСЫМДЫҚТАРДЫ АЙҚЫНДАДЫ

**Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту, сондай-ақ цифрландыру мен су үнемдеу технологияларын енгізу мәселелері қаралды.**



Мемлекет басшысы сайлауалды бағдарламасында Үкіметтің алдына бес жыл ішінде елді мекендердің барлығын ауыз сумен қамтамасыз ету міндетін қойған болатын.

Жиында өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі Қуандық Қажкенов баяндама жасады. Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов топтық су құбыры және су үнемдеу жобаларын жүзеге асыру туралы хабарлады. Ауылшаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров ылғалды көп қажет ететін дақылдар алқаптарын сумен қамтамасыз ету туралы айтты. Су саласындағы цифрландыру туралы Премьер-Министрдің орынбасары-жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев сөз сөйледі. Сондай-ақ бірқатар өңір әкімдерінің баяндамалары тыңдалды.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметі бойынша, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2025 жылдың соңына дейін халықты ауыз сумен толық қамтамасыз ету жұмыстары аяқталды. Бүгінгі таңда нысаналы көрсеткішке қол жеткізілді: еліміздегі барлық 90 қала мен 7,5 миллион тұрғыны бар 6087 ауылдық елді мекен ауыз сумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйелеріне қосылды.

Премьер-Министр су шаруашылығы инфрақұрылымын одан әрі дамытуға жүйелі түрде қарау маңызды екенін атап өтті. «Халық санының және жалпы экономиканың өсуімен бірге елімізде су тұтыну көлемі де ұлғая береді. Сондықтан таза ауыз су мәселесінің өзектілігі де күн өткен сайын арта түспек. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қалалар мен ауылдарды сумен жабдықтау жобаларын жүзеге асыру аяқталды. Дегенмен, ауыз сумен қамтамасыз ету – үздіксіз жүретін процесс. Сондықтан барлық жауапты мемлекеттік органдар бұл мәселені тұрақты бақылауда ұстауы қажет», — деді Олжас Бектенов.

Сумен жабдықтау желілерінің қызметі мен ауыз судың сапасына назар аударылды. Өткен жылы азаматтардан сумен жабдықтау мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға 70 мыңға жуық арыз-шағым түскен. Осыған байланысты әкімдіктерге әрбір шағым бойынша тексеру жүргізіп, міндетін адал атқармаған ұйымдарға қатаң шара қолдану тапсырылды.

Тұрғындар тарапынан сұраныстың өсуі, жаңа аудандардың салынуы қолданыстағы жүйелерді жаңғыртуды талап етеді. Олжас Бектенов Энергетикалық және коммунал-дық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаның мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланудың маңыздылығын атап өтті. Оның оң нәтижесі – желілердің тозу деңгейі азайып келе жатқаны қазірдің өзінде байқалып отыр.

Биылғы вегетациялық кезеңде су тапшылығы 1 миллиард текше метрге дейін жетуі мүмкін деген болжамға сәйкес, су үнемдеу технологияларын енгізудің, әсіресе ауылшаруашылығындағы маңыздылығын атап өтілді.

Цифрландыру және жасанды интеллект жылы аясында мемлекеттік органдарға су саласын цифрландыру жұмыстарын жандандыру тапсырылды. Бірінші кезекте осы жылдың соңына дейін жерүсті және жерасты су көздері туралы деректерді біріктіретін Су ресурстарының бірыңғай цифрлық платформасын құру керек. Аталған жобаны жүзеге асыру Ұлттық су балансының картасын қалыптастырып, гидрогеологиялық мониторингті жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, суару каналдарын цифрландыру жұмыстарын жалғастырған жөн.

«Сондай-ақ біздің алдымызда әлемдік озық тәжірибелерді қолдана отырып, қалалық су каналдарының өндірістік процестерін толық автоматтандыру және цифрландыру міндеті тұр. Бастапқы су көзінен бастап соңғы тұтынушыға дейін суды толық бақылауды қамтамасыз ету қажет. Барлық жұмыс сапалы әрі уақтылы жүргізілуге тиіс», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Үкімет отырысының қорытындысында Премьер-Министр бірқатар тасырма берді.

• Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің алдына әкімдіктермен бірге жалпы сипаттағы трансферттердің бөлінген сомалары мен Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жобаларының жүзеге асырылуына жүйелі түрде бақылауды қамтамасыз ету міндеті қойылды. Өтінімдер саны мен өңделетін ақпарат көлемінің өсуін ескере отырып, Ұлттық жобаның бірыңғай электрондық платформасының жұмысында техникалық істен шығу жағдайларына жол берілмегені маңызды.

• Су ресурстары министрлігіне жыл соңына дейін 142 ауылдық елді мекенді ауызсумен қамтамасыз ету деңгейін жақсартуға мүмкіндік беретін 12 жобаны жүзеге асыру шараларын қабылдау тапсырылды. Осы жылдың 30 шілдесіне дейін Түркістан облысындағы Шардара топтық су құбырын пайдалануға беру қажет. 15 қарашаға дейін Солтүстік Қазақстан облысындағы Преснов және Соколов топтық су құбырларын жаңғырту жұмыстарын аяқтауы тиіс.

• Қаржы министрлігіне республикалық бюджет шеңберінде көзделген сумен жабдықтау жобаларын уақтылы қаржыландыруды қамтамасыз ету туралы тапсырма берілді, сондай-ақ кәріз-тазарту құрылыстарын жаңғырту үшін несие тарту мәселесінде әкімдіктерге әдіснамалық көмек көрсетілуге тиіс.

• Ауылшаруашылығы, Су ресурстары министрліктері, сондай-ақ Қызылорда, Түркістан және Жамбыл облыстарының әкімдіктеріне суды көп қажет ететін дақылдар бойынша егіс алқаптарының құрылымын суды пайдалану лимиттеріне қатаң сәйкестендіре отырып бекіту туралы тасырмалар берілді.

• Су ресурстары министрлігінің алдына фермерлерге су беруге қатысты барлық шарттардың Егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру жөніндегі жол картасының индикаторларына сәйкес, жасалуын қамтамасыз ету міндеті қойылды.

Сонымен қатар, Үкімет су ресурстарын ұтымды пайдалану мәдениетін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстарды жалғастыруға ерекше назар аударып отыр.

«Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында атап өткендей, суға және тұтастай алғанда, қоршаған ортаға жанашыр болу, оған үлкен жауапкершілікпен және шынайы қамқорлықпен қарау ұлттық идеологияның өзегіне айналуға тиіс»,— деп атап өтті Олжас Бектенов. Суға ұқыпты қарау мәдениетін жастайынан қалыптастыру үшін Оқу-ағарту, Ғылым және жоғары білім министрліктеріне аталған жұмысқа атсалысу тапсырылды.

***ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.***

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

# ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРЫНЫҢ АРБАУЫ ОҢАЙ, ҚҰРЫҚТАЛУЫ ҚИЫН




Құқық қорғау органдарының өкілдері өңір тұрғындарына интернет алаяқтардан сақ болу керектігін қанша ескертіп жатқанымен, сан соғып қалып жатқандар жетерлік. Облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Бауыржан Жанаевтың айтуынша, соңғы уақытта интернет-алаяқтық қылмыстарына біліп немесе білмей көмектесетін азаматтар саны артып отыр. Мұндай тұлғалар «дроппер» деп аталады және олар заң алдында жауап береді.

Дроппер дегеніміз интернет-алаяқтыққа қатысы бар, яғни қылмыстық жолмен алынған ақшаны өз банк шотынан шешіп берген, өз есепшотын немесе банк картасын басқа адамдарға пайдалануға берген азамат. Тергеу барысында дроппердің алаяқтық әрекеттерді білгені дәлелденсе, ол ҚР ҚК-нің 28-бабының 5-бөлігіне сәйкес, қылмысқа көмектесуші ретінде жауапқа тартылады. 2025 жылғы 16 қыркүйектен бастап ҚР Қылмыстық кодексіне 232-1-бап енгізілді. Бұл бап банк шотына, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралдарына заңсыз қол жеткізуді; оларды беру, алу және заңсыз ақша аударымдарын жүзеге асыруды қылмыстық жауапкершілікке жатқызады. Іс-әрекеттің ауырлығына, сипатына және алынған пайда мөлшеріне қарай мүлкін тәркілей отырып, 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

«Интернет алаяқтарды құрықтау өте қиын. Ел қорғанса, интернет алаяқтыққа жол бермес еді. Өкінішке қарай, біздің азаматтар сенгіштігімен де алаяқтардың құрықтарына оңай түсіп қалып, қолындағы, қала берді банкідегі қаржыларынан да айырылып қалуда», – дейді Бауыржан Жанаев. Оның айтуынша, алаяқтар бірнеше амал-тәсілді қолданады екен. Атап айтсақ, банк қызметкерімін деп қоңырау шалады. Бұл қылмыстың кең тараған түрі. Айтатыны «Сіздің есеп шотыңызға біреу операция жүргізіп жатыр. Аударым жасады, сіз жасадыңыз ба?», деп сұрайды. Банк клиенті «Жасаған жоқпын» десе, «Қалған ақшаңызды қауіпсіз шотқа аудару керек» деп, түрлі айла-шарғымен сендіреді. Бұл қылмыстың кең тараған түрі. Әрі олар өте сауатты сөйлеп, ішібауырына еніп кетеді. Осылайша көп адам банк өкілі хабарласты деп сеніп қалып, өз есепшоттарын айтып қояды. Жалпы банк өкілдері кез келген мәліметті құпия ұстайды, сіздің есеп шотыңызды ешқашан сұрамайды. Олар есепшотынан біреудің ақша аударып алғанын білмейді. Көп адам есепшотынан ақша жоғалғанын кеш біліп, сан соғып қалып жатады.

Интернет алаяқтарды ұстау өте қиын. Өйткені, алаяқтыққа баратындардың көбі шет мемлекетте отырып, интернет желісі арқылы жұмыс істегендіктен оларды құрықтау оңай емес. «Олар өздерінің жымысқы әрекеттерін шет мемлекетте отырып істейді. Сондықтан да ондай алаяқтарды ұстау әзірге мүмкін емес. Оларға халықаралық іздеу жариялағанымызбен нәтиже аз. Ал, мұндай алаяқтар өз елімізде жасалған болса, оны анықтап, құрықтау әлде қайда оңай болар еді. Ұсталған алаяқтың әрекеті әшкереленсе бірнеше айдан төрт жылға дейін бас бостандығынан айырылады», – дейді Бауыржан Жанаев.

«Әлеуметтік желіге заттарын қойып сату да бүгін жақсы жолға қойылған. Оған хабарласқан алаяқ, «затыңыз ұнады, кепілге ақша салам, маған картошкаңыздың нөмірін жіберіңіз», дейді. Көбінде олар курер ретінде басқа біреудің құжатын жіберіп, сізден толық мәлімет сұрайды. Көп азаматтар оған сеніп, толық ақпаратын жіберіп қояды. «Ұнаған затын адам өзі келіп көруі керек. Ешқандай реквизидтерді толтыруға болмайды. Карточка нөмірін ешкімге бермеген жөн. Бүгінде алаяқтар колесо, инстаграм мен сауда-саттық желілерін жаулап алған. Олар сатылымға шығарған затының бағасын арзан етіп қояды. Сөйтіп, адамдарды арзандығымен қызықтырады. Қызығушылық танытқан адамға «алатын болсаң ал, бұл затты алуға 5-6 адам келіп тұр, алатын болсаң алғашқы төлемақын жаса», деп айналдырады. Көп азамат сол заттан айырылып қалмайық деп төлемақы жасап, соңынан сан соғып қалады. Біз «не үшін ақша салдыңыз» десек, «арзанына қызығып едім», дейді. Осылайша, үйден шықпай тапсырыс бере салады. Бірден келісе салмай, ол сайттан олар туралы жазғандардың пікірін көру керек. Видиоқоңыраумен сөйлесу қажет. Алаяқ болса видиоқоңыраумен шықпайды. Олардың дүкені жоқ. Оны зерттеу керек. Жазылушыларының пікірін қарау керек. Осының бәрін халық тексермейді. Ақшасына келісіп жібере салады. Артынан опық жеп, арызданады», – дейді полиция өкілі.

Әлеуметтік желі демекші, мұндай хаттар өзімнің «Facebook» парақшама да бірнеше рет келген. Олардың барлығын жауапсыз қалдырдым. Бірнеше жыл бұрын Филиппин мемлекетінен Хосе Велосо мырза бай туысымның табылғанын айтып, соның мұрагері болып, қаржысын бөлісу туралы ұсыныс жасады. Ол маған жолдаған хатында былай дейді: «Құрметті Марат Кулибаев, түсінгеніңізге рахмет, мен осындай есімді біреуді іздедім. Мені сізбен байланысып, бірбірімізге қаншалықты жақсы көмектесетінімізді білуге итермеледі. Мен Хосе Велосо мырзамын, Филиппин Ұлттық Банкінде аудит жөніндегі менеджермін. Алланың қалауымен сізді дәл қазір кездестіремін деп сенемін. Мен сіздермен бөліскім келетін маңызды іскерлік талқылауды өткізіп отырмын, сізді қызықтырады деп сенемін, себебі бұл сіздің тегіңізге байланысты және сіз одан пайда көресіз.

Гентиан Кулибаев деген Сіздің елдің азаматының біздің банкте 12 500 000,00 (он екі миллион бес жүз мың біріккен мемлекеттік доллар) АҚШ долларына белгіленген депозит болды, бұл салымның мерзімі өткен жылы болған еді. Өкінішке қарай, Гентиан Кулибаев 2022 жылы 11 мамырда Филиппинде адам өліміне алып келген жеті көліктің қатысуымен болған апатта, Паранака қалалық жолымен бірге Филиппиннің Манила жолы, отыз бес адам сол жерде қаза тапты. Менің банк басшылығым оның қайтыс болғаны туралы әлі білмейді, мен бұл туралы білдім, өйткені ол менің досым еді, мен қызметім жоғарылағанға дейін есепшот ашық болған кезде мен оның офицері болдым. Алайда, Джентиан мырза шот ашылған кезде Кин/Мұрагер туралы ештеңе айтпады және ол үйленбеген және балалары болған жоқ. Өткен аптада менің Банк басшылығым келісімшартты ұзартқан жағдайда оның қаражаты туралы не істеу керектігі туралы нұсқау беруімді өтінді.

Мен бұның болатынын білемін, сондықтан мен жағдайды шешетін құрал іздедім, өйткені егер менің банк директорларым Гентианның қайтыс болғанын және мұрагері жоқ екенін білсе, олар қаражатты өздерінің жеке қажеттіліктері үшін алады, сондықтан мен мұндай жағдайдың болғанын қаламаймын. Сондықтан сіздің атыңызды көргеніме қуаныштымын және мен сізді есепшотқа Кин/Мұрагер ретінде ұсыну үшін ынтымақтастықты іздеймін, өйткені сіз онымен бірдей фамилияға ие болдыңыз және менің штабым сізге есепшотты жібереді. Мұнда ешқандай қауіп жоқ; транзакция кез келген заң бұзушылықтан сақтайтын заңды келісім бойынша жасалады».

Мұнымен қоймай, ол бөліс жағын да қозғай кетіпті. «Банк директорларына алуға мүмкіндік бергеннен гөрі ақшаны талап еткеніміз жақсы, олар қазірдің өзінде бай. Мен ашкөз емеспін, сондықтан мен қаражатты бірдей бөлуді, 50/50 пайыз екі жаққа бөлуді ұсынамын, менің үлесім менің жеке компаниямды құруға және түскен ақшаны қайырымдылыққа жұмсауға көмектеседі. Маған менің ұсынысым туралы ойларыңызды айтыңыз. Өтінемін, бұл ақпаратты құпия ретінде қарастырыңыз. Жедел жауап алғаннан кейін, сізге жеке электрондық пошта мекен-жайы: «joseveloso438@gmail.com» арқылы егжей-тегжейлер туралы жазуға тағы көп нәрсе бар. Күндеріңіз сәтті өтсін, Алла разы болсын. Сіздің жедел жауабыңызды күту. Хосе Велосо мырза. Электрондық пошта мекенжайы: joseveloso ReplyForward».

Осылай әлеуметтік желінің арқасында бір күнде миллионер болып шыға келдім. Оған тегімнің де сеп болғаны анық. Енді сол алты миллион АҚШ долларын алсам ба екен, әлде алмасам ба екен деп ойланып жүрмін. Сіз не дейсіз?

Міне, шет мемлекетте отырып жұмыс істейтін алаяқтарының бұл бір құйтырғы әрекеті. Мұндай жазба менен басқа да қаншама Кулибаевтарға жіберілді екен. Кім біледі? «Оңай олжа ғой, менің ештемем кетіп жатқан жоқ, көрейінші байланысып» деп жәй ғана қызығушылық танытып, соңынан сеніп қалып, жеке құжаттарын беріп жібермесіне кім кепіл.

Алаяқтардың құрығына ілінген Айша атты азаматша (өз өтініші бойынша есім бұрмаланып алынды) да алданғандардың бірі. Оған белгісіз біреу «Банктің қауіпсіздік қызметкерімін» деп қоңырау шалып, «біреу сіздің шотыңызға шабуыл жасайын деп жатыр. Сіздің шотыңызды біз бұғаттаймыз. Ол үшін сіз шотыңыздағы ақшаларды, он екі сандық нөмірді айтамыз, соған аударыңыз», деген. Сөйтіп, Айша үйге келген соң шотындағы азғана ақшаны аударып жіберген. Алданғанын біраз күннен кейін ғана білген.

Полицейлердің сөзінше ондай қылмысты зерттеу қиын. Өйткені, алаяқтардың дені ұйымдасқан. Әрі әлемнің әр түкпірінде отырып жұмыс істейді. Сарапшылар адамдардың жеке деректерін әлеуметтік желіден табу оп-оңай дейді. Сондай-ақ полиция өкілдері тұрғындарға бірінші кезекте ешкімге құжат бермеуді ескертеді. Одан кейін қазір интернетке кірсең неше адамның жеке куәлігі, карточкасы толып тұр. Бұл қылмыстың алдын алу үшін елімізде заң талаптары күшейтілген. Ақпараттандыру да талапқа сәйкес жүргізілуде. Сонымен қатар, адамдар көп шоғырланатын жерлерге үнпарақар ілініп, әлеуметтік желіде ескертпе ақпараттары таратылуда.

**ТІЛШІ ТҮЙІНІ**

*Байқап отырғанымыздай, интернет алаяқтар түрлі әдіс-тәсілді жақсы меңгерген. Сауатты сөйлеп, адамды шатастырады. Осыған орай, елдегі банк өкілдері алаяқтардың схемаларын зерттеп, мына шараларды сақтауды ескертеді. Атап айтсақ, бөгде біреу телефон шалса мобильді қосымша мен интернет-банкинг құпиясөзін, картаның нөмірі, «CVV/CVC»-кодын, операцияны растау үшін «SMS»-кодын, ешкімге айтпау керек. Ал, олар ұсынған мобильді орнатпау, сілтемелерге кірмеу, сауалнамаларды толтырмау қажет.*

*Одан бөлек, жеке тұлға интернет сайтқа мұқият қарау керек. Сайттың атауында «https» әріп болу керек, егер тек қана «http» болып s әріпі жоқ болса бұл жалған сайт болғаны.*

*Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының мәліметінше, елімізде 48 миллионнан астам төлем картасы бар. Бұл онлайн сауданың артқанының көрінісі. Бірақ, тұрғындар сақ болмаса алаяқтардың оңай олжаға батқаны батқан. Мәселен, бір ғана айда алаяқтық бойынша келтірілген шығын 1,8 миллиард теңгеден асыпты. Әсіресе, интернет алаяқтарды, өкінішке қарай, құрықтау мүмкін болмай тұр. Ащы да болса шындық. Сондықтан әркім өз құжатына абай болмаса, интернет алаяқтардың құрығына түсетіні анық.*

***М. ҚҰЛИБАЕВ.***
***Жамбыл облысы.***

ЕҢБЕК АДАМЫ

# ТҰРМЫСТЫҚ ТЕХНИКАНЫҢ ТІЛІН ТАПҚАН КЕЛІНШЕК

**Кәсібін сүйіп, ісіне адалдық таныту – әрбір еңбек адамына тән ең асыл қасиет. Қай кезеңде де елдің дамуы мен өңірдің өркендеуі қарапайым еңбек адамынан басталатыны белгілі. Осындай өз ісінің жауапкершілігін сезініп, қолынан келетін кәсібін дамытып, нәпақасын адал еңбегімен тауып жүрген жанның бірі – Үртай Қараева. Кейіпкеріміз Мойнықұм ауданының тумасы болғанымен, қазір Тараз қаласында тұрады. Үш баланың анасы қолымнан келмейді демей, тұрмыстық техника жөндеп, күнкөріс қамын жасап жүр.**

– Анам құрақ құрап, тігін тігіп, әкем көлік жөндейтін. Алғаш техника жөндеуді өзімнің ток шәйнегімнен бастадым. Қыстың суық күндерінің бірі еді. Қой бағып кеткен жолдасымның үйге келер уақытында шай қойып, кешкі ас әзірлеуге кірістім. Әшейінде бұрқ-сарқ етіп, қайнап тұратын ток шәйнегім тура керек кезінде істен шығып қалды. Шәйнегімді қолыма алып, көрші-қолаң арасындағы жөндеп береді деген үмітпен апармаған адамым жоқ, қайта іске қосу қолдарынан келмеді. Өзгелердің қолынан келмеген соң шұқылап отырып, өзім іске қосып алдым. Бір күні тігін тігетін машинам бұзылып, оны да өзім жөндеген едім, – дейді Үртай Ғабдырахманқызы.

Осылайша, оның қолынан келетін істі көршілері көріп, таңырқай бастады. Кейіпкеріміз өзінің істен шыққан техникаларын іске қосқаннан кейін ақырындап туған-туыстың, тамыр-таныстың өтініштерін орындай бастады. Өз бетімен үйреніп, Құдай берген қабілетінің арқасында дос-жаранның арасында «Шебер Үртай» атанды. Содан бір күні әлеуметтік желіге тұрмыстық техника жөндеймін деген хабарландырумен шыққаннан кейін кейіпкеріміздің кәсібі одан әрі домалады.

Тұрмыстық техника жөндеуде әбден машықтанып алған ол үйінің ескірген электр сымдарын да өзі жаңғыртып, қайта жаңалай береді. Өз балаларының киімдерін тігіп жүріп, ақыры оның да ауқымын ұлғайтты. Киім кең болса тарылтып, тар болса кеңейтіп береді. Осылайша қарап отырмай, іс тігетін қабілетін де кәсіпке айналдырып отыр. Үртай Қараеваның шеберлігіне көз жеткізген таныстары оның көмегіне жиі-жиі жүгінеді.

– Үйім қашық болса да жолдың ұзақтығына қарамастан, Үртайды іздеп келіп, баламның шалбарының балағын қысқартып беруін күтіп отырмын. Тек киім қысқартып қана қоймай, техника жөндейтінін де білемін. Аяқ-қолы ширақ келіншектің пысықтығына көз ілеспейді. Әсіресе, шәйнек, қысқа толқынды пеш секілді техникаларды әп-сәтте жөндеп береді. Көптен қызметін пайдаланып жүргендіктен, істеген ісін тиянақты, таза атқаратынын білгендіктен дереу осында жетемін. Көрсетіп жатқан қызметіне ризамын,– дейді тұрақты тұтынушыларының бірі Нәзікен Санат.

Үртай Ғабдырахманқызы кір жуатын, тігін тігетін машина, шаңсорғыш, қысқа толқынды пеш, үтік– қысқасы, теледидар мен тоңазытқыштан басқасының бәрін талғамай жөндей береді. Қажетті бөлшектерді базар, дүкен аралап жүріп алып келеді. Өз кезегінде тұтынушылар да еңбегіне лайықты ақысын төлеп жатады.

Кейіпкеріміздің бұл әулетке келін болып түскеніне ширек ғасырдың жүзі болыпты. Жолдасы Талғатбек мектепте күзетші болып жұмыс істейді. Бір отбасының тірегі, аяулы жар, ардақты әке Талғатбек Ақжановтың да еңбегі жан-жары мен балаларының алдында елеусіз қалған емес. Үртай біраз уақыт баламен үйде отырды. Ара-тұра қоғамдық жұмыстарға да шыққаны бар. Көбіне тігін тігіп, сиыр сауып, сүт пен майын сатып, күнкөрісін жасап келеді.

– Әрине, әр саланың өз қиындығы мен қызығы болады. Кәсібіңнің шебері болу – әрбір жанның мамандыққа деген жауапкершілігінен бастау алары сөзсіз. Бұл істің бәрі маған бала күнімнен дарыған. Әкем де техника жөндеудің шебері болған кісі. Анам да пысық жан болатын. Қазір халық маған түрлі тұрмыстық заттарын, техникасын жөндетуге, киім-кешегін тіктіріп, қысқартуға келеді. Тұрмыстық техника жөндеу менің тұрақты табыс көзіме айналды. Техника жөндеудің бағалары да қолжетімді, шамамен 3000– 10000 теңге көлемінде болады. Егер бұзылған заттың көлемі үлкен, зақымданған бөлшегі көбірек болса, баға 15000 теңгеге дейін жетеді. Сонымен қатар, қолғап, шұлық тоқып, қоржын тігумен айналысамын. Той-томалаққа арнап, қоржын дайындаймын. Қоржын тігудің шеберлік сағаттарын видеоға түсіріп, «Telegram» желісі арқылы сатамын. Қазір сұраныс өте жақсы. Әсіресе, қоржын тігу мен тұрмыстық техникаларды жөндеу сабағым көп қаралады, – дейді Үртай Қараева.

Кейіпкеріміз бес ай бойы техника жөндеу арқылы тапқан қаражатына заманауи электрлі сүт тартқыш машина сатып алған. Оның айтуынша, қазір сол сүт тартқыш машинаны пайдаланып, жұмысын едәуір жеңілдетіпті.

Ол алдағы уақытта шағын болса да өз шеберханасын ашуды көздеп жүр. Арасында үйдің жанынан дүңгіршек болса да салып бер деп жолдасына қолқа салып қояды. Анасының көзіндей болып қалған ескі тігін машинаны осы уақытқа дейін қолданып келді. Қазір іс тігіп жүрген тігін машинасын несиеге алып, оның ай сайынғы төлемін техника жөндеп өтеп жүр. Жаңаның аты-жаңа. «Бұйырса, өз құнын өзі өтейді» деп шүкіршілік етіп қояды. Бесаспап кейіпкеріміздің құрылыс жағынан да хабары бар. Қабырғаның сылағы түссе, есік-терезенің бояуы кетсе, өзі сылап, сырлай береді. Есігінің алдына бау-бақша егеді. Үйінің маңайын тап-түйнақтай қылып жинап, гүлдендіріп қойған. Дала жұмыстарына жолдасы жәрдемдеседі. Балаларын да еңбекке жақын етіп тәрбиелейді.

– Кез келген жұмысқа немқұрайдылықпен қарау табиғатыма жат дүние. Менің ұстанымым – ешқашан тоқтамау, үнемі ізденіп, еңбектену. Адал еңбектің арқасында үлкен жетістікке жетуге болатынын білемін. Тынбай тірлік істей жүріп, біраз нәрсе үйренгендеймін. Өз ісіммен мақтанамын. Әрбір адам өз жұмысына адал болып, соңына дейін жеткізу қажет. Қай жұмыстың да оңайы жоқ. Ол үшін төзімділік пен сабырлық қажет. Кейінгі жастарға да үнемі осыны айтып отырамын. Қиындық кез келген жұмыста болады. Барлығы төзімділік пен шыдамдылықты талап етеді. Бірақ, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруге де болмайды. Адам тұрақты болуы керек. Балаларымды да адал еңбекке баулып, өз ісінің маманы болуға тәрбиелеп келемін. Басты ұстанымым – баланың қызығушылығына құрметпен қарап, қолдау білдіру. Қолымнан келгенін жасап, табыс тауып, отбасыма пайда келтіріп отырғаныма шүкіршілік етемін. Мен заманауи қоғамда қолынан іс келетін, елге үлгі болар еңбек адамы ретінде өмір сүргім келеді. Балаларым кішкентайынан менің еңбек етіп жүргенімді көріп өсіп келеді. Оларға әр істің қадірін түсіндіруге тырысамын. Еңбек еткен адам ешқашан жаман болмайтынын ұдайы айтып отырамын. Кез келген жұмысты шынайы ниетпен жасасаң, пайдасын көреді екенсің. Бастысы – ерінбей, жалықпай еңбек ету, – дейді Үртай Қараева.

Адам адал несібесін еңбектен ғана табады. Бұл тұрғыда іскерлігімен ілгері ұмтылған кейіпкеріміздің өмір жолы көпке үлгі.

***С. ҚУАНЫШ.***
***Жамбыл облысы.***

ҒЫЛЫМ МЕН ӨНДІРІС

# «ҚАЗАҚСТАН» ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫНДАҒЫ ТӘЖІРИБЕ ӨЗ НӘТИЖЕСІН БЕРДІ

**Өткен жылы Ақмола облысында «Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы аясында ірі өндірістік тәжірибе жүргізілді. Мақсат– заманауи агротехнологияларды нақты алқап жағдайында сынақтан өткізу әрі дақылдар өнімділігін арттыру. Аталған тәжірибе А.И.Бараев атындағы Астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы ғалымдарының тікелей атсалысуымен Атбасар ауданының 415 гектар алаңы бар «Қазақстан» шаруа қожалығы базасында жүргізілген болатын. Тәжірибе нәтижесі туралы орталықтың ғылыми қызметкері, зертхана меңгерушісі Руслан Жылқыбаевтан сұрап білдік.**



***– «Қазақстан» шаруа қожалығының тәжірибе алаңындағы жұмысты неден бастадыңыздар?***

– Ең алдымен, «Қазақстан» шаруа қожалығы өсіріп жатқан ресейлік «Тобольская» сортын А.И.Бараев атындағы ғылыми орталыққа әкеліп, зертханада аурулар мен зиянкестерге төзімділігін тексеріп, кешенді талдаудан өткіздік. Бұл сорттың әлеуетін анықтау үшін оны жергілікті жағдайға бейімделген «Шортандинская-2012» сортымен салыстырдық. Осы екі сорт тәжірибе алаңына егілді және вегетациялық кезең бойы толық бақылауға алынды. Бақылау барысында сорттардың өсу биологиясын нақты зерттеу, олардың топырақ-климаттық жағдайларға бейімділігін бағалау және өнім қалыптастыру қабілетін анықтау шаралары атқарылды. Сонымен бірге, ауруларға төзімділігін, агротехникалық талаптарға жауап беру деңгейін, технологиялық сапасын анықтау бағытында жұмыстар жүргізілді.

***– Өндірістік тәжірибе алаңы қалай ұйымдастырылды? Қолданылған нұсқалардың ерекшелігі қандай болды және қандай аспектілерге баса мән берілді?***

– Өндірістік тәжірибе алаңы алдымен зерттелетін сорттардың агробиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымдастырылды. Тәжірибені дұрыс қою үшін топырақ құнарлылығы біркелкі, агрофоны тұрақты, нәтижелерді салыстыруға мүмкіндік беретін алқап таңдап алынды. Белгіленген аумақ бірнеше блокқа бөлініп, әр блокқа «Тобольская» және «Шортандинская-2012» сорттары белгілі бір сұлба бойынша себілді. Бұл екі сорттың өнім қалыптастыру қабілетін, өсіп-жетілуін, бейімділігін және технологиялық сапасын нақты салыстыруға мүмкіндік берді. Қолданылған нұсқалардың ерекшелігі – әр сорт бірнеше агротехнологиялық жағдайда сыналды. Оның ішінде себу мерзімдері, себу нормалары, тыңайтқыш мөлшерлері мен топырақ өңдеу тәсілдері қолданылды. Мұндай нұсқалар әр сорттың нақты жағдайда қалай әрекет ететінін, белгілі бір технологияға бейімделу деңгейін анықтауға жол ашты.

Тәжірибе барысында баса көңіл бөлінген аспектілер сорттардың өсіп-өну қарқыны, ауруларға төзімділігі, зиянкестерге реакциясы, қуаңшылыққа бейімделуі және өнім сапасының тұрақтылығы болды. Әр кезеңде өсімдіктердің морфологиялық көрсеткіштері, вегетация ұзақтығы, қондылық деңгейі, масақ байлау және дән толтыру процесі мұқият бақылауда тұрды. Сонымен қатар, дәннің сапалық құрамына – «ақуыз», «клейковина» көрсеткіштері, «натура» салмағы, шынылылығына ерекше мән берілді.

***– Ауылшаруашылығында қолданбалы аграрлық ғылым қандай нәтиже беруде?***

– Тәжірибе нәтижелері көңіл қуантатындығын көрсетті: «Тобольская» сортының өнімділігі гектарынан 11,5 центнер деңгейінде болып, дәстүрлі технологиямен өсірілген сорттан гектарына 2 центнерге жоғары шықты. «Шортандинская-2012» сорты да өз ерекшелігін көрсетті. Ол гектарынан 10,0 центнер өнімділікті көрсетіп, дәстүрлі өсіру көрсеткішінен 0,7 центнерге артық болды. Бұл көрсеткіштер жаңа сорттардың жергілікті климатқа бейімделгенін және шаруашылық үшін қосымша экономикалық тиімділік әкелетінін айқындайды.

Ғылыми сүйемелдеу аясында тәжірибелік сынақтар тек өнімділікпен шектеліп қалмай, әр сорттың өсімдік биологиясы, масақ байлау, дәннің сапалық құрамын бағалау, фунгицидтер мен гербицидтерге реакциясын зерттеуге бағытталды. Бұл тәжірибе шаруашылыққа нақты агротехнологиялық ұсыныстар әзірлеуге, болашақта тұқым шаруашылығын дамытуға және өнім сапасын тұрақты арттыруға мүмкіндік береді.

***– Сұқбатыңызға рақмет!***

*Сұқбаттасқан*
***Ы. АХМЕТҚАЛИЕВА.***
***Ақмола облысы.***

АГРОӨНЕРКӘСІП

# ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР ЗАУЫТ




**Тайынша – өңірдегі алдыңғы қатарлы аудандардың бірі. Биыл өндіріс көлемі 42 миллиард теңгеден 75 миллиардқа жеткен. Аудан өндірісінің облыстағы үлесі–10,5 пайыз. Мұндағы жаңа экономикалық аймақтың да игі әсері көп. Тайыншадағы кей серіктестіктердің тарихы әріден басталады. Мәселен, мұндағы Петровка ауылындағы өндіріс орны 1957 жылы құрылған.**

Тоқтап қалған зауыт жұмысы 1997 жылы қайта жанданып, «Петровское KZ» серіктестігі құрылды. Түрлі қиындықтар мен өзгерістерге қарамастан май зауытының жұмысы содан бері бір сәтке де тоқтаған емес.

Еңбек адамдарының еселі жұмысының нәтижесінде бүгінде зауыттың ауқымы кеңейіп, өндіріс көлемі артқан. Тұрғындар тоқсаныншы жылдары табысты істі тұралатып алмай, нарық талабына бейімделіп, жаңа бағытта жұмыс істей бастады. Бүгінде мұнда 25-30 тонна сүт, шамамен екі тонна майы алынған ірімшік пен бір жарым тонна сарымай өндіріледі. Серіктестік нарыққа майлылығы 72,5, 82,5 пайыз сарымай, қаймағы алынған сүттен жасалған ірімшік шығарып келеді. Барлық өнім сапа стандарттарына сай. Өнімнің сапасына ерекше мән беріледі. Шикізат өндіріске жіберілмес бұрын арнайы тексерістен өтеді. «Өз зертханамыз бар. Онда өнім қабылдау мен технологиялық үдерістің әр сатысы бақыланады», – дейді компания директоры Асқар Нұрбай.

Бүгінде серіктестік өзі ғана табысқа жетіп қоймай, ауданда мал шаруашылығының дамуына да серпін беріп отыр. Ірі тауарлы-сүт фермаларынан бөлек, ұсақ шаруашылықтар да өнімін осында өткізеді. 22 елді мекеннің тұрғындары күнделікті сауған сүтін зауытқа жеткізеді. Зауытта алдымен ақтан кілегей бөліп алынады. Кейін 33 пайыздық кілегей бір жаққа, майсыздандырылған сүт бір жаққа жөнелтіледі. Кілегей пастерленіп, термоөңдеуден өтіп, сепарацияланады. Нәтижесінде дәмі тіл үйіретін май алынады. Ал, майы алынған сүттен ағзаға пайдалы, тез қорытылатын ірімшік жасалады.

– Жергілікті жұртшылық үшін бұл кәсіпорынның маңызы жоғары. Мамандар кездескен небір сынаққа қарамастан өндірісті сақтап, сапаны жоғалтпай келеді, – дейді серіктестік директоры.

Өндірістің өркендеуінде мемлекеттік қолдаудың да маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Былтыр серіктестік айналымдағы қаражатты толықтыру үшін «Қазақстан Халық банкі» арқылы несие алған. Несие пайызының бір бөлігі мемлекеттік субсидия есебінен өтелген. Биыл кәсіпорын бір топ жергілікті өндіріс орындарының қатарында Қытай елшілігінде өткен көрмеге қатысып, өз өнімдерін ұсынған.

***Д. АЯҒАН.***
***Солтүстік Қазақстан облысы.***

СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# ОҢТҮСТІК ДИҚАНДАРЫ ЖАҢА СУАРУ ЖҮЙЕСІНЕ БЕТ БҰРДЫ



**Биыл еліміздің оңтүстік аймақтарында егістіктерге қажетті судың тапшылығы 1 миллиард текше метрге жетуі мүмкін. Жуырда Үкіметте осындай болжам айтылды. Вице-премьер Қанат Бозымбаевтың сөзінше, Шардара су қоймасына келетін ағын су 43 пайызға төмендеген. Ал, Нарын-Сырдария каскасындағы қорлар былтырғы көрсеткіштерден 3,8 миллиард текше метрге аз. Осыған байланысты Премьер-Министр Олжас Бектенов өңір әкімдеріне қатаң тапсырма берді. Суару маусымының тұрақты өтуі үшін егістік алқаптарын реттеу, суды нормамен бөлу және суды аз қажет ететін дақылдарды егуге көшу ұсынылды.**

Ауылшаруашылығы министрлігінің мәліметі бойынша 2024 жылы суарылатын ауылшаруашылығы мақсатындағы жердің жалпы алаңы 1,9 миллион гектарды құрады. Олардың 67 пайызы беткейлік суару әдісімен суарылса, 26,3 пайызы (немесе 397,3 мың гектар) заманауи технологиялармен – тамшылатып және жаңбырлатып суару әдістерімен суарылды.

Орталық Азия елдерінде қуаңшылық болған жағдайда су үнемдейтін технологияларға сұраныс арта түспек. «Еуразиялық даму банкі» сарапшыларының мәлімдеуінше, биылдан бастап 2030 жылға дейін Орталық Азияның бес елінде суару техникасы мен әдістерін жетілдіруге жұмсалатын инвестициялар көлемі 2,1 миллиард АҚШ долларынан асатын болады. Соның 515 миллион доллары Қазақстанға тиесілі. Бұл қаражаттың басым бөлігі, яғни 370 миллион АҚШ доллары жаңбырлатып суару жабдықтарын сатып алуға жұмсалады. Алдағы онжылдықта елімізде тамшылатып суару саласына жұмсалатын инвестиция көлемі 2 миллиард АҚШ долларына жуықтайды.

«Қазсушар» РМК-ның Түркістан облыстық филиалы 2024 жылы 332 мың гектар ауыл шаруашылығы алқаптарын сумен қамтамасыз етті. Филиал облыс аумағында 18 су қоймасын, 11 су жинағыш бөгетті және жалпы ұзындығы 5733 шақырым болатын 1891 арнаны бақылауда ұстап отыр. Өткен суару маусымында ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері өңірдегі су көздерінен 1,9 миллиард текше метр су алған.

Отырарлық диқан Бақтыбек Дадайдың шаруашылығында тамшылатып суару технологиясы тиімді нәтиже бергенін айта кетейік. Оның егістік алқабында мақта, жүгері, күнбағыс және суды көп қажет ететін күріш өсіріліп, өнімділігі күткеннен де жоғары болған. Шаруаның айтуынша, су үнемдеудің заманауи технологиясы шығынды азайтып, егіннің сапасын арттырған. «450 гектарды тамшылатып, 50 гектарды беткейлік әдіспен суардық. Екеуінің айырмашылығы жер мен көктей десе болады. Мысалы, тамшылатып суару бойынша әр гектардан 4,5 тонна өнім алсақ, жалпы суарудан 3,4 тонна өнім алдық», дейді Бақытбек аға.

Облысымызда суармалы алқаптардың жалпы көлемі 554 мың гектарды құрайды. 2025 жылы 27 мың гектарға су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарланса, іс жүзінде 59 мың гектарға енгізілді. Бұл жоспардың артығымен орындалғанын көрсетеді. Айта кетейік, елімізде 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдама аясында ылғал үнемдеу технологиясын 1,4 миллион гектарға енгізу жоспарланған. Оның 216 мың гектары Түркістан облысына тиесілі.

Алдағы уақытта суару технологияларының қолжетімділігін арттыру үшін өңірде алты кәсіпорын ашу көзделуде. Олардың төртеуі іске қосылды, таяу уақытта тағы екі кәсіпорын ашылмақ. Осының нәтижесінде 364 мың гектарға су үнемдеу технологиясын енгізу мүмкін болады. Бір сөзбен айтқанда, тамшылатып суарудың тиімділігін шаруалар да түсініп келеді.

***А. ШЫРЫНБЕКОВА.***
***Түркістан облысы.***

ДІН ЖӘНЕ ӨМІР

# ИМАНДЫЛЫҚ ӘРКІМНІҢ ЖҮРЕГІНДЕ



Халық арасында нешебір аңызға тең таңғажайып әңгімелер, естілмеген тың мәліметтер, қызықты хикаялар аз емес. Ел аралап жүргенімде, келелі отырыстарда, басқосуларда мағыналы сөздерге, мәнді хикаяттарға құлақ түріп жүретін бір әдетім бар. Таяуда бір отырыста әңгімеден-әңгіме шығып, мынадай терең ойлы әңгімені естіген болатынмын. Сол бір көңілге тоқылып қалған хикая-аңызды өздеріңізбен бөліскенді жөн санадым.

...Ертеректе, қанды қызу топалаң соғыс жүріп жатқан жылдары уыздай екі жас келіншек күйеулерін әскерге шығарып салып тұрып, әлі де ыстық-суығы басыла қоймаған қимас жарларының ыстық құшағына тығылып, «Қанша уақыт болмасын, қанша жылдар өтпесін сендерді күтеміз. Ешкімге сендерді айырбастамаймыз!» деп ант суын ішіп қалады. Екі-үш жылдан кейін «күйеулеріңіз соғыста опат болды» деген «қара қағаз» келеді. Сөйтіп, екі келіншек жастай жесір атанады. Тірі адам тіршілігін жасайды дегендей, екеуі де жылап-сықтап, басқа салған тағдырдың айдауына көніп, күнделікті іс-тіршілігін жасай береді.

Уақыт бір жерде тұрмайды. Аттап айлар, жылжып жылдар өтеді. Екі жесір бір күні кездесіп, сырларымен бөлісіп, біріне-бірі мұңдарын шағады. Пысықтауы «Қашанғы жүре береміз? Теңімізді тауып күйеуге шығайық, бала тауып, ана мейірімін сезінейік. Бақытымызды қолдан жіберіп алмайық, айым», - дейді. Сонда екіншісі «Жоқ. Мен үйленуден мүлдем бас тартам. Күйеуіме берген антыма берік болып, сөзімде тұрам. Құран, намаз оқып, иман жолына түсемін», - деп замандасының ұсынысынан ат-тонын ала қашады. Содан бастап бес мезгіл намазын оқып, тиісті оразасын ұстап таза имандылық жолына түседі.

Көп уақыт өтпей алғашқы келіншек күйеуге шығады, бала-шағалалы болып, оларды өсіріп, жеткізіп жүріп зейнет жасына жетеді. Уақыт талабына сай ораза ұстап, намаз оқымақ болып шешім қабылдайды. Имандылық жағынан мол тәжірибесі бар құрбысына, замандас әйелге барып, намаз оқуды үйретуін өтінеді. Сонда әлгі құрбысы «Кешір, мен сені намазға үйрете алмаймын. Сен өз сөзіңде, берген антыңа тұра алмайтын жансың. Намаз оқы, ораза ұста бәрібір сен жұмаққа енді еш бара алмайсың. Құдай сені кешірмейді. О дүниеде сенің орның тек тозақ», - деп шығарып салады.

Көп жылдар өте екеуі де о дүниелік болады. Жаратқан иеміздің алдына барғанда алғашқы әйелді жұмаққа, ал өмір бойы имандылық жолымен жүрген әйелді тозаққа жібереді. «Неге бұлай, бұныңыз әділетсіздік емес пе?» дегенде Алла тағала «Мына бірінші әйелдің иманы әрдайым жүрегінде болды. Ешкімге қиянат, жамандық жасамай, жаны да, ары да, пейілі де таза болды. Қолдан келген көмегін ешкімнен аямады, жақсылық жасаудан тартынбады. Жар сүйіп, адамның ұрпағын жалғастырды, бала өсірді. Жасы келгенде имандылық жолына түспек болып құрбысына барып, намаз оқуды үйретуді өтінді. Бірақ, құрбысы оған қатігездік жасап, білгенін үйретуден бас тартты. Онысы жөн болмады. Ол ұнамсыз мінез, теріс пиғыл көрсетті. Құрбысының бетін имандылықтан қақты, көңілін қалдырды, күнәға батты. Сөйтіп, ол кешірілмес кесірлік, қателік жасады», - деген уәж айтыпты.

Ой таразысынан өткізсек, шынында да әркімнің иманы, ары өз жүрегінде болуы керек. Ісі мен сөзінде алшақтық көп, уәдесінде тұрмайтын, сөзінде пәтуа жоқ адам қандай адам?

Теріс ниетпен жасалған, адамгершіліктен ауытқыған қылық-істер жүрекке ене алмайды. Жүрекке ене алмаған соң ол істер жүректен пендешілік қасиеттерді аластай алмайды. Сол себепті де өз жүрегінің иесі Алла Тағалаға жүгінбей-ақ пендешіліктерімен күресіп, өз нәпсісін тәрбиелемек болған жандар бар күш-жігері мен уақытын босқа сарып еткен болады. Осынау пенделік қасиеттер деп аталатын рухани кірдің адамның жүрегіне кірігіп, сіңісті болып кеткені соншалықты адамзаттың небір данышпандары мен дарындылары ақыл-ойларымен, ғажайып туындыларымен небір биіктерді шарлауға қабілетті бола тұра осынау пендешіліктердің кесірінен өмірлерін күрсінумен, өксумен өткізген. Бұл дүниедегі адам баласы аяғынан қазыққа байланған құс тәрізді. Оның да қара жер – қасіреті, оған қағылған қазығы – надандығы және көкке жібермей аяқтан тартқан пенделік қасиеттер деп аталатын тұзағы бар.

«Marcandangel.com.com» сайты жуырда өмірдің мәнін түсіндіретін мақала жариялады. Мақала бұдан кейін көптеген басылымдарға қайта басылды. Көпшіліктің көкейінен шыққан жазбада автор өзінің 86-ға аяқ басқан атасы айтып берген өмірлік мәні бар ақыл туралы жазады. Мазмұны 40 жылдан кейін өкінбейтіндей іс жасау керек дегенге саяды. Сол мақаланы біз де аударып беруді жөн көрдік.

«86 жастағы атам бүгін таңғы серуен кезінде әжемнің қабіріне гүл апарып қойды. Бұл оның он жылдан бері қалыптасып кеткен әдеті. Бүгін әжемді мен де көргім келіп атаммен бірге бардым. Оның басына гүлді қойған соң атам маған қарады да «Әр таңда әжеңе гүлді өзі тірі болған кезде әкелгім келеді. Ол тірі болса қуанып қалар еді»,–деді.

Оның бұл сөзі маған қатты әсер етті. Ойым көпті шарлады, әрбір нәрсені ойластыра келе 40 жылдан кейін жасым 80-ге келгенде бұлай өкінбеу үшін не істеуім керектігін ойландым. Осыдан соң өмірімнің әрбір сәті көз алдымда тұрды.

Үйге оралған соң ойыма келгеннің бәрін де жаза бастадым. Аяқтаған соң тізімді әйеліме оқып бердім. Ол басынан соңына дейін түгелдей оқып шықты да маған қарап «Мұның бәріне келіспеуге шарам жоқ. Меніңше, кім кім де қартайғанда бұларды істемегеніне өкінбей қоймайды», - деді.

Мүмкін, сіз де мына нәрселерді істемегеніңізге өкінгіңіз келмейтін шығар:

Қажетті адамдарға өте аз уақыт бөлгеніңізге. – Ерте ме, кеш пе, әйтеуір жақындарыңыздың жанында болғыңыз келеді. Сондықтан да бүгіннен бастап жақын адамдарыңызды құрметтей біліңіз. Естеріңізде болсын, өмір бойы бірге боламын деген адамдарыңыз ертең-ақ сіздің өміріңізден жоғалуы мүмкін. Сіз үшін маңызды саналатын адамдарға келгенде уақытыңызды аямаңыз.

Жақын адамдарыңызды жиі қуантып тұрмағаныңызға. –Жақын адамыңыздың шын қуанып, күлгені қандай жақсы. Сол қуанышына дәл сіздің себеп болғаныңыз одан да жақсы.

Айтқыңыз келгенді айтпағаныңызға. – Айтыңыз. Өз сезіміңіз бен ойларыңызды жасырмаңыз. Әсіресе, бұл сөздер сіз үшін маңызды болса үндемей қалмаңыз. Берік болыңыз. Айтылуы міндетті болғанды жасыруға болмайды. Біреу үшін уайымдайтын болсаңыз, оған мұны айтыңыз. Біз көбінде жетім қалдырған, сыртқа шықпаған сөздерімізбен жүректі жаралаймыз.

Өзімізді өзгелермен салыстыра бергеніңізге. – Өміріңіздегі сәттіліктерді өзгенің сәттіліктерімен салыстыра беруге болмайды. Біз әрқайсымыз өз жолымызды өз бағытымызбен жүріп өтуіміз керек. Елден ерекше болу ұят емес. Бүгін сіздің әлдекімнен мықты бола түсуіңіз керек болса, сол әлдекім – кешегі сізсіз. Сіз өзіңіздің өзіңізден мықты екеніңізді дәлелдеңіз.

Интуицияңызға көп уақыт бойы мән бермей жүргеніңізге. – Кейде сіздің ақылыңыз жүрегіңіз әсілінен-ақ жауабын тауып қойған дүниеге жауап беру үшін көп уақыт жұмсайды. Демалыңыз. Жағдайға төрелік етпеңіз, жағдайдың куәгері болыңыз. Өз интуицияңызға құлақ түріңіз.

Мақсатқа жету үшін күреспегеніңізге. – Қаржылық жағдайыңыздың мүшкіл екенін айтып, өкінудің орнына жаңа табыс көздерін жасау керек. Сіз өмірдің қиындығымен күресесіз немесе күреспей, тек өкінумен өтесіз. Көп жағдайда қазіргі жағдайыңыз бен кім болғыңыз келетінінің ортасында сіздің іс-әрекетіңіз ғана жатыр.

Арманыңызға қол жеткізудің орнына өзгелердің айтқанына көнгеніңізге. – Сіздің кім болғыңыз келгеніңіз бен жағдаятқа байланысты кім болып қалыптасқаныңыздың ара-парқы бар ма? Өзгелер үшін өмір сүріп, өзгелердің пікірімен жүруді қою керек. Тек өзіңізге адал болыңыз.

Жоғалтқан уақытыңыз туралы естеліктер. – Әр атқан таң сайын күніңізді кімге немесе неге арнайтыныңызды ойлануға зор себеп бар. Махаббат, ақша, құрмет, зор денсаулық, үміт, мүмкіндік пен басқа да осындай дүниелерден өзге уақыт атты ешқашан қайтара алмайтын дүние бар.

Себепсіз сылтауларды көбейткеніңізге. – Қандай да бір жетістікке ұмтылсаңыз оған жетудің айла-тәсілін табасыз. Егер таппасаңыз, сылтау іздей бастайсыз.

Дайын болатын уақытыңызды күте бергеніңіз үшін. – Өмір кейде қиын болып көрінеді. Бірақ, оны күрделендіретін біздің өзіміз. Өзіңіз үшін анықтап алатын бір ғана нәрсе – әрмен қарай не істейтініңіз ғана. Иә, бұл өте қарапайым. Белгілі бір істі бастау үшін оған дейінгі мәселелердің барлығын шешіп жатудың қажеті жоқ. Қолыңыздан келгеннің бәрін жасаңыз. Ал, жақсы айла-тәсіл тапқан соң жетістікке міндетті түрде жетесіз.

Тырыспағаныңыз үшін. – Өмірде сіз не тікұшақ ұшқышысыз, не жолаушысыз. Жетістікке жету үшін жұмыс жасауыңыз керек. Тек жеңілін ғана атқармай, қажетті істің барлығын да бітіріңіз. Әрине, бұл жолда сізге өте қиын болады. Оған күш-жігеріңіз бен уақытыңызды сарқып кірісуіңіз керек. Күрделі сұрақтарға жауап табу керек болады. Құрбандыққа да баруыңыз керек. Өзіңіздің барыңызды да, нарыңызды да атқарып жатқан іске жұмсайсыз. Таусылып, торығатын да сәттер болады. Бірақ, маған сеніңіз, мақсатыңызға жеткен соң бұл істің барлығын да бекер істемегеніңізді білетін боласыз.

Күрмеуі бар мәселелерден жеңілгеніңізге. – Сіз өмірде соқтығысқан мәселелердің барлығын да өзгерте алмайсыз. Бірақ, өзгертуге келетіндерін өзгерту үшін де бірінші соқтығысу керек қой. Алдыңыздан шыққан проблемалар тоқтауды білдірмейді, олар – басқарушы принциптер. Қалағаныңыз үшін жұмыс істеңіз. Иә, бұл өте қарапайым. Сіздің қуатыңыз қолыңыздан келетін іспен аяқтала салмайды. Қуат сіздің қолыңыздан келмейтін істерді меңгеруден, бағындырудан пайда болады.

Тәуекелге жеткілікті түрде бармағаныңызға. – «Иә, істеп көрейік» деген ұран «Қалай болар екен?» деген принципке қарағанда жақсы емес пе? Қолыңыздан келіп тұрғанда бәрін де жасап көріңіз. Тәуекел етуге қорықпаңыз. Қазір есіме түсетін ең керемет сәттер мен мүмкіндіктер маған тәуекел жасаған соң ғана келген. Бірдеңені жоғалтудан қорықпау керек.

Қолыңыз жететін дүниеге ұмтылмай, барымен базар болғаныңызға. – Есіңізде болсын, адамның жеке деңгейдің өсуі мен қандай да бір өзгерістер қиындыққа соқтыруы мүмкін, бірақ дамымай, бір деңгейде қалып қою одан да қиын жағдайға апарып соқтырады.

Жеке қалауларыңыз бен бақытыңызды елемегеніңізге. – Сіз бір рет қана өмір сүресіз. Ешқандай әзілдің қажеті жоқ. Солай. Міне, сол үшін сізді бақытты ететін әрекеттер жасаңыз, қуаныш сыйлайтын адамдармен бірге болыңыз.

Шешім қабылдауда сабырсыздыққа жол бергеніңіз үшін. – Сабырлылық сәттілік келетін уақытты күту емес. Сабырлылық – өзіңіз сенетін дүниеге жету үшін жұмыс жасау үстінде өз-өзіңізді бақылап, бағдарлай білу.

Бастаған істі ерте тастағаныңызға. – Сәтсіздікке қанша рет тап болғаныңызды ұмытыңыз. Бастысы сіздің қалай көтеріліп, қалай әрмен қарай жүргеніңіз. Жетістікке жету үшін ең ауыр, ең қиын жолды бағындыру керек те болатын шығар. Жақсылыққа жету үшін уақыт керек. Әрқашан сабырлы әрі көңілді бола біліңіз. Сіздің қайбір ісіңіз де тек жетістікке апарады. Тек күте білу керек.

Әлдекімге жем болғаныңызға. – Ешкімге де сізді егеленіп, басқаруына жол бермеңіз. Қуаныш пен мазаңызды алатын адамнан алыс жүріңіз. Сізді пайдаланатын, құрметтемейтін адаммен бірге өмір сүретіндей сіздің өміріңіз ұзақ емес.

Қолыңыздан келіп тұрғанда көмектеспегеніңізге. – Егер сізде ақша көп болса, оны өзгелермен бөлісіңіз. Егер ақшаңыз көп болмаса жүрегіңізді сыйлаңыз. Бастысы бөлісе алар дүниеңізбен бөлісу керек. Тарихта ешкім де қайырымдылықпен айналысқан соң кедейленіп қалған жоқ.

Қолдау білдірген туысқандарыңыз бен достарыңызды елемегеніңізге. – Өмірлік жолыңызды неден бастағаныңызды ұмытпаңыз. Және қайда барарыңызды да ұмытпаңыз. Сізбен бірге жолға шыққандарды да ұмытпауыңыз керек.

Қолда бардың қадірін білмегеніңізге. – Біз көп жағдайда бақыттың өзімізде болғанын біле бермейміз, тек оның жоқ болғанында да ғана байқаймыз. Әрине, қалағаныңыздың барлығына да қол жеткізе бермейсіз. Бірақ, есіңізде болсын: сіздің қолыңызда барға өзгелер тіпті, қол жеткізе алмай кетуі де мүмкін.

Денсаулығыңызды күтпегеніңізге. – Сіздің денеңіз сіздің өмір сүретін негізгі мекеніңіз. Егер деніңіз сау болса – оны сақтауыңыз керек.

Жылдап бақыт іздеп, оның өз ішіңізде екенін білмегеніңізге. – Бақыт айналаңыздағы дүниелермен есептелмейді, ол негізі өз ішіңізде, өз санаңызда. Адамдар сырт көздің пікіріне тәуелді. Ал, бақыт негізінде сырттан емес, өз ой-ауаныңыздан туады.

Жоспарыңыздың көп болғаны соншалық, айналадағы әсемдікті көрмей өткеніңізге. – Өміріңіз керемет болса, оның кереметтігін байқап, көріңіз. Бақыт – барын бағалай алмайтындарды жағалай өтіп кетеді. Қазіргі жағдайдағы өміріңізге мән беріңіз.

Мүмкіндікті дер кезінде көріп-білмегеніңізге. – Кейде өмір сізге қалағаныңызды бермеуі мүмкін. Себебі, сіздің қалағаныңыз мүлдем басқа дүние болуы мүмкін. Ұмтылған мақсатыңыз оған қарай асықпаған кезіңізде байқалады.

Өзіңізге ойша шекара құрып қойғаныңызға. – Көп жағдайда біздің ойымыз өзімізге қиындық тудырып жатады. Өзіңізге шекара жасақтаудың еш себебі жоқ.

Негативтің сананы жаулап алуына мүмкіндік бергеніңізге. – Есіңізде болсын, нағыз күш бізге сылтау айтып, жеңілуге шақ қалғанда өз өмірімізді бағалап, алға қарай қадам басқан сәтте келеді.

Қателікті ешқашан мойындамай, одан сабақ алмағаныңызға. – Егер қателікті елемей қойып, оны мойындамаудың орнына сабақ ала білетін болсаңыз жетістікке жетесіз.

Күрмеуі қиын мәселені шешіп, жауапкершілікті алмағаныңызға. – Кей жағдайда адам баласы белгілі бір істі атқаруда бір орында еш дамымай қалып қояды. Бұл оның шешім қабылдап, әрмен қарай жүрудің орнына сол шешімді қабылдағысы келмей тұрғанының белгісі. Белгілі бір мәселені шешуде, есіңізде болсын, өзіңізге жауапкершілік алып, оның дұрыс-бұрыстығымен келісу керек.

Өзгелердің мойындауын күткеніңізге. – Сіз елмен бірдей-ақ ақылдысыз, қажетті деңгейде қуатыңыз да бар. Ал, мұны өзгелердің аузынан естудің еш қажеті жоқ.

Басқа адамдарға ұнауға тырыстыңыз. – Жасаған жақсылығыңызды әрбір адам мойындай бермейді. Сол үшін кім үшін жақсылық жасауыңыз керектігін және кім үшін уайымдаудың қажеті жоқтығын анықтауыңыз керек.

Қажеті жоқ нәрсеге уақыт жоғалтқаныңызға. – Өмір қамшының сабындай ғана. Сол қысқа өмірде дауласып, бәстесудің еш қажеті жоқ. Жақсылық туралы ойлаңыз, сіз үшін маңызды адамдарды бағалаңыз, қандай да бір проблеманы қаскайып тұрып шешіңіз.

Реніштеріңіз үшін бақытты бағаламағаныңыз үшін. – Оларды ұмытыңыз. Өкпелеу – бұл бақытыңызды жоғалту ғана. Қандай да бір өкпе-ренішке жол беру басыңызды бөгде адамдарға сыйлағанмен бірдей.

Әртүрлі мәселелерге құр уайымдай бергеніңізге. – Тоқтамаңыз. Уайымның санаңызды жаулап алуына мүмкіндік бермеңіз. Мәселені шешу керек болса ол туралы уайымдаудың еш қажеті жоқ. Сіз оны уайымдағаныңызбен ештемені де өзгерте алмайсыз.

Қажетсіз іспен айналысуға өзіңізді міндеттеп қойғаныңызға. – Ешқашан да ештемеге өзіңізді міндеттемеңіз. Қолыңыздан келгеннің бәрін жасаңыз, қолыңыздан келмегенін немесе істегіңіз келмегенді істеймін деп әуре болмаңыз. Кейде бәрі де сіз жоспарлағандай болмайды. Бірақ, сіз өз қолыңыздан келгеннің бәрін жасадыңыз, қалғаны маңызды емес.

Алданып қалғаныңызға. – Көпшілік адам қажетсіз зат үшін ақша жоғалтады. Тіпті, кейде өзі танымайтын адамның алдында ұятқа қалмау үшін керегі жоқ затты сатып алып жатады. Мұндай адам болмаңыз.

Мүмкіндік болғанда саяхаттамағаныңызға. – Бір жыл сайын кем дегенде мүлдем болмаған жерлеріңізге барып тұруға тырысыңыз.

Өмірге күліп қарамағаныңызға. – Күлгеніңізде өмір тамаша болып көрінеді. Көңілсіз сәттерде де өз-өзіңізді жақсы көңіл-күйде сақтап қалу көшбасшылық пен күштілігіңіздің белгісі.

Өзгерістердің жақсылығын сезінбей, қырсыға бергеніңіз үшін. – Бүгінгі сіз бір жыл бұрынғы тіпті, бір апта бұрынғы сіз емессіз. Сіз әрқашан да өсесіз. Тәжірибені тоқтату мүмкін емес. Бұл – өмір.

Көп сөйлеп, аз іс тындырғаныңызға. – Көп нәрсе айтып, көп нәрсе істеген соң, айтқаныңыз бен істегеніңіз бірдей екеніне көз жеткізіңіз. Қандай жағдай болмасын, сіздің ісіңіз айтқаныңызға қарағанда жемісті болады. Сондықтан да үндеместен еңбек етіңіз. Сіздің сәттілігіңіз сіздің ісіңізден көрінетін болсын».

Сөз соңында...

Егер сіз осы айтылған мәселелермен күресіп жүрсеңіз жалғыз емес екеніңізді біліңіз. Адамдардың көпшілігі осы айтылған мәселелерді атқармай, кейін өкініп жүрмес үшін бар күш-жігерін сарқып, күресуде.

Дұрыс бағытқа қадам жасау ешқашан да кеш емес. Кім болғыңыз келсе де, сол межеге жету ешқашан да кеш емес. Өзгергіңіз келсе, сіз қанша жаста болсаңыз да өзгере аласыз. Қазір сіздің болашағыңызды жасап алуға және оны өкінішсіз етуге мүмкіндігіңіз бар.

Қазақтың қабырғалы азаматы Машһүр Жүсіп Көпейұлы бірде Абайға сәлем беруге Шыңғыстаудағы оның аулына бұрылады. Оның келгенін жеткізген хабаршыға «кірсін» дейді де есікке тақап қалған Мәшһүр Жүсіпке «Атақты ақылман Машһүр Жүсіп болсаң менің мына сұрақтарыма жауап берші. Құдай қайда? Жұмақ қайда, тозақ қайда?», - дейді.

Машһүр Жүсіп мүдірместен «Құдай әркімнің жүрегінде. Жұмақ әркімнің отбасында. Әйелің жақсы болса - жұмақ. Ал, әйелің жаман болса – тозақ» деп жауап береді. «Жарадың Машүр Жүсіп! Ойың терең екен, тапқырлығыңа тәнті болдым. Төрге шық, құрметті қонағым бол», - деп қонағын төрге оздырған екен. Сол айтылғандай Алла Тағала әркімге сана берсін, қанағат берсін, дүниеқоңыздыққа бой ұрғызып, тойымсыздық, ашкөздік дертіне ұшыратпасын, әрдайым жаны мен ары таза болса ғой, шіркін!

Данышпан Абай «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең болмаса, айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің», - дейді.

Әрине, әркім есті кісілер қатарында болғанды қалайды (бұл күндері өзін «естімін» деп даурығып, төсін қағып жүргендер де аз емес-ау!). Бірақ, барлығына уақыт төре. Басым көпшілік, өскен, тіршілік еткен ортаң сені ертең мақтайма, даттайма оны уақыт көрсетеді. Ертең әйтеуір бармақ шайнап, өкініп жүрмесең болғаны. Артыңнан жаман сөз ілеспесе болғаны... Жаратқан Ием содан сақтасын!

*С. ОРДАБЕКОВ,*
*медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Журналистер одағының Алтын белгі иесі.*

*Тараз қаласы.*

## ХАБАРЛАМА

«Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, ҚР Экологиялық кодексінің 87-бабының 3,4,5,6,7,8 – тармақтарына сәйкес, 2026 жылдың 22 қаңтардан бастап 20 жұмыс күн аралығында Жамбыл облысы Қордай ауданында «Тасқайнар» кен орнының учаскесін шығаруға байланысты жергілікті маңызы бар «Қордай – Жайсан» мемлекеттік табиғи қаумалының аумағын азайтудың жаратылыстану-ғылыми негіздеме» және «Мерке» мемлекеттік өңірлік табиғи паркі аумағының функционалдық аймақтарға бөлінуі бөлігі және шекараларын өзгерту бойынша техникалық-экономикалық негіздемені түзету» жобалары бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобамен Ұлттық банк деректер сайтында (https://hearings.ndbecology.gov.kz/) және Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru (ескертулер мен ұсыныстарды білдіру үшін) танысуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Коммунальное государственное учреждение «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской области», в соответствии с пунктами 3,4,5,6,7,8 статьи 87 Экологического кодекса РК, сообщает, что с 22 января 2026 года в течении 20 рабочих дней на сайте Национальный банк данных (https://hearings.ndbecology.gov.kz/) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по проектам «Естественно - научное обоснование уменьшения территории государственного природного заказника местного значения «Кордай – Жайсан» в связи с выводом участка месторождения «Таскайнар» и «Корректировка технико-экономического обоснования в части функционального зонирования и изменение границ территории государственного регионального природного парка «Мерке».

С проектом можно ознакомиться (для предоставления замечаний и предложений) на сайте Национальный банк данных (https://hearings.ndbecology.gov.kz/ или на сайте управления природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Жамбылской област https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyltabigat?lang=ru).

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

*Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.*

Индекс 65604

**Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.**

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97
e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: www.salyq-gazet.kz
Басылым аптасына 3 рет шығады.
*Таралымы 17 357*
*Апталық таралымы 52 071*

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»



*Тапсырыс 76*